

Жоғары білімнің кәсіби оқу қысқартылған мерзімде іске Қазақстан Республикасы қылмысқа және сыбайлас қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) Қаржы полициясы академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 мамырда № 9473 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 63 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 17.02.2021 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 9-бабы 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңының 7-бабы 3-тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын қысқартылған мерзімде іске асыратын Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (бұдан әрі - Агенттік) Қаржы полициясы академиясына (бұдан әрі - Академия) оқуға қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Академия Агенттіктің Құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментімен бірлесіп, осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ А. Сәрінжіпов

2014 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Экономикалық қылмысқа және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес агенттігі (қаржы полициясы)
Төрағасының
2014 жылғы 2 сәуірдегі
№ 124 бұйрығымен бекітілген

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын қысқартылған мерзімде іске асыратын Қаржы полициясы академиясына оқуға қабылдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қаржы полициясы академиясына (бұдан әрі - Академияға) қысқартылған мерзімде жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқуға қабылдау ережесі (бұдан әрі – Қағидалар) Академияға қысқартылған мерзімде жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша азаматтарды оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Академияға оқуға қабылдау тәртібі азаматтарды медициналық, дене және психофизиологиялық көрсеткіштері, сондай-ақ құқық негіздерін білуге әңгімелесу бойынша қабылдау және конкурстық іріктеуді ұйымдастырудан тұрады.

3. Академияға қысқартылған мерзімде білім алуға конкурстық негізде жасы жиырма бірден кем емес, жоғары білімі бар адамдар (бұдан әрі – оқуға үміткерлер), сондай-ақ:

1) жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейінгі мамандығы бойынша еңбек өтілі болғаны дұрыс;

2) қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттері ие, денсаулық жағдайы және физикалық жағынан дамыған азаматтар қабылданады.

4. Оқуға түсуге үміткерлерді қабылдау үш кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезеңде – оқуға үміткерлерді іріктеу медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері мен дене дайындығы бойынша жүргізіледі;

екінші кезеңде – құқық негіздерін білуге әңгімелесу жүргізіледі;

үшінші кезеңде – мандаттық комиссия конкурстық негізде оқуға кандидаттарды медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері мен дене даярлығы бойынша мәліметтерін ескере отырып қабылдайды.

5. Оқуға кандидаттарды медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері мен дене шынықтыру даярлығы бойынша іріктеу Академия бастығымен бекітілген тиісті жылдағы қабылдау комиссиясының жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

6. Академияға оқытудың қысқартылған нысаны бойынша оқуға қабылдау тәртібі туралы ақпарат, медициналық және психофизиологиялық куәландыруды жүргізу, дене даярлығы бойынша емтихан мен әңгімелесу жүргізу кестесі, оқуға үміткерлердің дене дайындығы бойынша нәтижелері ақпараттық тақтаға оқуға түсушілерге уақтылы жеткізу үшін орналастырылады.

7. Үміткердің оқуға түсу жасы, сондай-ақ оның еңбек өтілі Академияға қабылданған күнінен бастап есептеледі. Академияда қысқартылған мерзімде жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша білім алу кезеңі қызмет өтіліне есептеледі.

8. Конкурстық негізде Академияға түсуге тілек білдірген оқуға үміткерлер оқуға түсетін жылдың 1 наурызынан бастап аумақтық қаржы полициясы органдарына ерікті түрде, білім алу тілін көрсете отырып, өтініш жазады.

Мыналар өтінішке қоса беріледі:

- 1) жоғары білімі туралы құжат қосымшасымен (көшірме);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (көшірме);
- 3) алты фотосурет (бас киімсіз, көлемі, 4,5x6 см);
- 4) еңбек кітапшасы немесе еңбек өтілін растайтын өзге құжат (көшірме);
- 5) өз қолымен толтырылған өмірбаян;
- 6) әскери билет немесе тіркеу куәлігі (көшірме);
- 7) соңғы жұмыс орнынан мінездеме.

9. Академияға білім алушылардың контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру негізінде жүзеге асырылады.

10. Агенттіктің кадр бөлімшесі тиісті оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Агенттіктің аумақтық бөлімшелері үшін Академияға оқуға үміткерлерді жолдау бойынша Агенттік Төрағасының бұйрығымен бекітілетін рұқсат қағаз әзірлейді.

11. Қаржы полициясы органдарының кадр бөлімшелері:

1) Академияға оқуға түсу үшін бұқаралық ақпарат құралдарында, Агенттіктің және аумақтық қаржы полициясы органдарының интернет-ресурстарында өтініштерді беру мерзімдері, сондай-ақ өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы хабарландырулар орналастыруды ұйымдастырады;

2) оқуға үміткерлердің тұрғылықты жері бойынша іріктеу және тексеруді қамтамасыз етеді;

3) оқуға үміткерлердің жеке істерін жинақтайды және оны оқуға түсетін жылдың 15 маусымына дейін Академияға жолдайды.

12. Оқуға үміткерлердің қызметке жарамдылығын анықтау үшін өздерінің тұрғылықты жерінен әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық куәландыру және психофизиологиялық куәландыру, соның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өткізіледі.

13. Академия үміткерлердің оқуға орналасу орнына келу мерзімін белгілейді, ол туралы аумақтық қаржы полициясы органдары арқылы оқуға үміткерлер он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей ескертіледі.

14. Академияға оқуға түсуге келген үміткерлер түсу кезеңінде шығу құқығынсыз казармалық жағдайда болады.

2. Қаржы полициясы академиясына қабылдау тәртібі

15. Қабылдау және мандаттық комиссиялар Академияға оқуға түсуді жүзеге асырады. Қабылдау және мандаттық комиссиялардың құрамы Агенттік Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау және мандаттық комиссиялардың құрамына басшы құрамның тұлғалары, сондай-ақ Агенттік пен Академияның өзге де қызметкерлері кіреді.

Қабылдау және мандаттық комиссиялар осы Қағидаларды басшылыққа ала отырып, Академияны тыңдаушылармен сапалы жасақтауды қамтамасыз етуге міндеттеледі.

16. Қабылдау комиссиясының құрамы комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және комиссияның мүшесі 9 кем болуы тиіс.

Қабылдау комиссиясы:

- 1) оқуға үміткерлердің жеке істерін қарауды жүзеге асырады;
- 2) психофизиологиялық және медициналық куәландыруды өткізеді, дене дайындығын тексереді, үміткерлердің құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдығын анықтайды;
- 3) оқуға үміткерлердің құқық негіздерін білуі бойынша әңгімелесу;
- 4) оқуға қабылдау мәселелері жөнінде шағымдар мен өтініштерді қарайды;
- 5) конкурстық тізімдерді дайындайды;
- 6) оқуға үміткерлерді қабылдау қорытындыларына талдау жасайды және осы жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар жинақтайды;

17. Төраға қабылдау комиссиясының қызметіне басшылықты жүзеге асырады

Академия бастығы немесе оны алмастырушы тұлға қабылдау комиссиясының төрағасы болып тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау комиссиясы қызметіне басшылық етеді, оның мүшелерінің өкілеттіктерін белгілейді және осы комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді.

Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары болып Академия бастығының орынбасарларының арасынан тағайындалады, ол қабылдау комиссиясы мүшелері мен комиссия хатшысының жұмысын ұйымдастырады және қадағалайды, оқуға үміткерлердің құқық негіздерін білу бойынша әңгімелесу, психофизиологиялық және медициналық куәландыруды, дене дайындығын тексеруді ұйымдастырады.

Академияда 5 жылдан кем емес еңбек тәжірибесі бар Академия қызметкері қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы болып тағайындалады, ол қабылдау комиссиясына жүктелген міндеттерді іске асыру бойынша құжаттарды, отырыс материалдарын әзірлейді, сондай-ақ оның жұмысы туралы есеп жобасын дайындайды.

18. Қабылдау комиссиясының қызметі жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау комиссиясының отырысы қабылдау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

Қабылдау комиссиясының шешімдері, бекітілген құрамның кемінде үштен екісі бар болғанда қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

19. Оқуға үміткер Академияның қабылдау комиссиясына келесі құжаттардың түпнұсқаларын салыстырып тексеру үшін ұсынады: жеке басын куәландыратын құжат, жоғары оқу орнын бітіргендігі туралы диплом қосымшасымен, еңбек кітапшасы (бар болуы), әскери билет немесе тіркелу туралы куәлік.

20. Мандаттық комиссия Академияда оқуға үміткерлерге қойылатын тиісті талаптарға сәйкес келетін адамдарды Академияға алу мақсатында құрылады.

21. Мандаттық комиссияның құрамы төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссияның жетіден кем емес мүшелерінен құрылады.

22. Мандаттық комиссия:

1) кәсіби іріктеуден одан әрі өту үшін Академияның қабылдау комиссиясы ұсынған оқуға үміткерлерді тексеруді және жеке істерін талдауды жүзеге асырады;

2) конкурстық тізімдерді қарайды;

3) оқуға үміткерлерді Академия тыңдаушыларының қатарына алу туралы шешім қабылдайды.

23. Академия қызметіне жетекшілік ететін Агенттік Төрағасының орынбасары мандаттық комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

Академия бастығы мандаттық комиссия төрағасының орынбасары болып тағайындалады.

Академиядағы жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес Академияның қызметкері мандаттық комиссияның хатшысы болып тағайындалады.

24. Мандаттық комиссия отырысының барысы мен шешімдері хаттама түрінде ресімделеді.

25. Соңғы кәсіби іріктеуді жүргізу үшін Академия бастығының бұйрығымен:

- 1) уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия;
- 2) оқуға үміткерлердің дене дайындығын тексеру комиссиясы;
- 3) құқық негіздерін білуді қабылдау жөніндегі комиссия;
- 4) апелляциялық комиссия құрылады.

26. Аталған комиссия төрағалары қабылдау комиссиясы мүшелерінің арасынан тағайындалады.

27. Уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия оқуға түсу үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын анықтау мақсатында оқуға үміткерлерді соңғы медициналық куәландыруды өткізу үшін Академияның медициналық бөлімі бастығының төрағалығымен дәрігер мамандардың қатысуымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі № 325 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімдемесінде № 6407 болып тіркелген) Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу туралы нұсқаулыққа сәйкес құрылады.

28. Медициналық куәландырудың нәтижелері бойынша уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия әрбір оқуға үміткерге қызмет өткеруге жарамдылығы (жарамсыздығы) туралы қорытынды шығарады.

29. Академияның әскери, дене шынықтыру және арнайы дайындық кафедрасы бастығының төрағалығымен оқуға үміткерлерді дене көрсеткіштері бойынша іріктеуді ұйымдастыру мақсатындағы іс-шараларды жүзеге асыру үшін оқуға үміткерлердің дене дайындығы жөніндегі комиссия құрылады.

Дене дайындығынан емтихан қабылдау жөніндегі комиссияның құрамына Академияның әскери, дене шынықтыру және арнайы дайындық кафедрасының қызметкерлері кіреді.

30. Емтихан қабылдаудың нәтижелері бойынша Дене дайындығы жөніндегі комиссия төрағасы және мүшелері қол қоятын емтихандық ведомость құрастырылады.

31. Оқуға үміткерлердің дене дайындығы бойынша емтихан нормативтері осы Қағиданың қосымшасында көрсетілген жаттығу түрлерін орындауды көздейді.

32. Дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындылары және құқық негіздерін білу қорытындылары бойынша оқуға түсуге үміткерлердің өтініштерін қарастыру үшін апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына төраға, комиссия мүшелері кіреді.

Академия бастығы орынбасарының бірі Апелляциялық комиссия төрағасы болып, Академияның кафедра бастықтары комиссия мүшелері болып тағайындалады.

33. Апелляциялық комиссия әрбір үміткермен жекеше түрде жұмыс жүргізеді. Ол апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

34. Оқуға үміткердің дене дайындығы емтиханы бойынша жаттығуды жасау кезінде уақытты, сондай-ақ орындалған жаттығулардың санын дұрыс есепке алмау немесе тестілеу тапсырмаларының дұрыс құрастырылмауына сәйкес тестілеу қортындысының нәтижелерін төмендетуге әкелген себептер көрсетіліп, дәлелденген жазбаша өтініш апелляция саналады.

35. Шағымдану себептері анық көрсетілген апелляциялық өтініш дене дайындығы бойынша емтихан, сондай-ақ құқық негіздерін білу бойынша әңгімелесу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір күн ішінде қарастырады.

36. Жаттығуларды орындау кезінде уақытты, сондай-ақ орындалған жаттығулар санын дұрыс есептемеу себебі бойынша дене дайындығы көрсеткіштерінің нәтижелері төмендетілгені расталған жағдайда, апелляциялық комиссия оқуға үміткерге дене дайындығы бойынша емтиханды қайта тапсыру құқығын берумен өтінішті қанағаттандырады.

37. Әңгімелесу, дене дайындығы бойынша емтихан нәтижелерімен келіспегені туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көп дауысымен қабылданады. Егер дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия төрағасы және барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

38. Үміткер апелляциялық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Агенттікке немесе сотқа шағымдануға құқылы.

39. Үміткерлерді Академияға тыңдаушы ретінде қабылдау мандаттық комиссияның шешімі бойынша конкурстық негізде соңғы кәсіби іріктеу нәтижелері бойынша оқуға түсу жылының 31 шілдесіне дейін өткізіледі.

40. Академия тыңдаушылары қатарына қабылдау үшін конкурс жүргізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, құқықтарға келесі тұлғалар ие болады:

- 1) білім беру орнын үздік бітіргені туралы құжаты (дипломдары) бар;
- 2) диплом (транскрипт) қосымшасындағы орташа ұпайдың жоғары болуы.

41. Тыңдаушылар қатарына қабылдау туралы мандаттық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, соның негізінде Академия бастығының қабылдау туралы бұйрығы шығады.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын қысқартылған мерзімде іске асыратын Қаржы полициясы академиясына оқуға қабылдау қағидалары қосымша

Дене дайындығы бойынша нормативтер

ерлерге арналған нормативтер

Жаттығулардың атауы	Бағасы	Нормативтер
100 м. жүгіру (сек.)	өте жақсы	13.5
	жақсы	14.2
	қанағаттанарлық	15.0
3000 м. жүгіру (мин., сек)	өте жақсы	13.20
	жақсы	13.50
	қанағаттанарлық	14.30
Биік белтемірге тартылу (саны)	өте жақсы	13
	жақсы	11
	қанағаттанарлық	8

қыздарға арналған нормативтер

Жаттығулардың атауы	Бағасы	Нормативтер
100 м. жүгіру (сек.)	өте жақсы	16.5
	жақсы	17.2
	қанағаттанарлық	18.0
1000 м. жүгіру (мин., сек)	өте жақсы	5.00
	жақсы	5.30
	қанағаттанарлық	6.10
Шалқалай жатып денені көтеру (саны)	өте жақсы	30
	жақсы	28
	қанағаттанарлық	25